

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Жетісу Вольфрам» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Бөгеті кен орнындағы өңдеу кешенінің №1 қалдық қоймасын кеңейту» ЖЖ бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп.

Әсер ету аумағы: ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы. Жоба учаскесінің координаттары: 1.43 28 20.31 78 56 57.18, 2. 43 28 48.01 78 58 54.07 3. 43 30 53.98 78 58 53.23 4. 43 30 52.59 78 58 23.13 5. 43 29 54.83 78 58 20.04 6. 43 28 42.65 78 56 31.93.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 қазан сағат 11.00-де ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Сөгеті ауылдық округі, Нұра ауылы, мәдениет үйінде өтеді

Көкпек ауылының тұрғындары үшін Нұра ауылындағы қоғамдық тыңдауларға қатысу мақсатында көлік ұйымдастырылады. Көліктің Көкпек ауылынан шығу уақыты – 14.10.2026 жылғы сағат 10:00. Жиналу орны – Көкпек ауылының дүкені.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://teams.microsoft.com/join/455587334724454?p=KPSORjIPh9EHeWdgpg>

Конференция идентификаторы: 455 587 334 724 454; кіру коды Cm39Lx3H.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Жетісу Вольфрам» ЖШС, ҚР, Алматы облысы,

Еңбекшіқазақ ауданы, Сөгеті ауылдық округі, Нұра ауылы, есептік орам 198, құрылыс 3, БСН – 140740029902, тел.: 8(701) 532-73-44, e-mail: e_ermahanov@mail.ru

Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (26.11.2014 ж. № 01714Р мемлекеттік лицензияны РММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі»). Мекен-жайы: Алматы қ., Бұхар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады. ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>.

Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Жетісу Вольфрам» ЖШС. Байланыс тел 8(701) 532-73-44, e-mail: e_ermahanov@mail.ru және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Ақпараттық жүйенің ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, № 12 үй., «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қабылданатын, priroda_alm@bk.ru. тел: +7 (72772)2 32 27

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Жетісу Вольфрам», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к РП «Расширение №1 хвостохранилища перерабатывающего комплекса на месторождении Богуты в Енбекшиказахском районе Алматинской области».

Территория воздействия: РК, Алматинская область, Енбекшиказахский район. Координаты участка: 1.43 28 20.31 78 56 57.18, 2. 43 28 48.01 78 58 54.07 3. 43 30 53.98 78 58 53.23 4. 43 30 52.59 78 58 23.13 5. 43 29 54.83 78 58 20.04 6. 43 28 42.65 78 56 31.93.

Общественные слушания состоятся 14 октября 2026 года в 11.00 часов по адресу: РК, Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.о Согеты, с. Нура, дом культуры.

Для жителей с. Кокпек будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях в с. Нура. Время отправки транспорта от с. Кокпек в 10.00 часов 14.10.2026 года. Пункт сбора – магазин села Кокпек.

Для участия в общественных слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://teams.microsoft.com/join/455587334724454?p=KPSORjIPh9EHeWdgpG>

Идентификатор конференции: 455 587 334 724 454; Код доступа: Cm39Lx3H.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Жетісу

Вольфрам», РК, Алматинская область Енбекшиказахский район, Согетинский сельский округ, село Нура, Учетный квартал 198, строение 3, БИН – 140740029902, тел: 8(701) 532-73-44, e-mail: e_ermahanov@mail.ru

Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия № 01714Р от 26.11.2014 г., выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе. Министерство энергетики РК»). Адрес: г.Алматы, Бухар Жырау, 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области». Ссылка на сайт МИО: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно по адресам: ТОО «Жетісу Вольфрам». Контактный тел: 8(701) 532-73-44, e-mail: e_ermahanov@mail.ru или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42. e-mail: office@antal.kz.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: город Қонаев, улица Құрылысшы, № 12, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», priroda_alm@bk.ru. тел: +7 (72772)2 32 27.

Алкоголь — зиянсыз әдем емес: денсаулық — саналы тандаудан басталады

Алкоголь көп жағдайда демалыстың, мерекенің немесе қарым-қатынастың үйреншікті бөлігі ретінде қабылданады. Алайда бұл әдеттің сыртқы қарапайымдылығының артында адам денсаулығына, отбасына және қоғамға елеулі зиян келтіретін салдарлар болуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, алкоголь — психоактивті және уытты зат, ол тәуелділікке әкелуі мүмкін. Алкогольді тұтыну 200-ден астам аурулармен, жарақаттармен және денсаулыққа байланысты басқа да жағдайлармен байланысты.

Алкоголь адам ағзасына қалай әсер етеді? Ең алдымен орталық жүйке жүйесі зардап шегеді. Алкоголь адамның өзін-өзі бақылауын төмендетіп, есте сақтау, зейін қою және дұрыс шешім қабылдау қабілетіне кері әсер етеді. Үнемі қолдану тәуелділіктің қалыптасу қаупін арттырады.

Алкоголь бауырға да үлкен зиян келтіреді. Оны ұзақ уақыт қолдану бауырдың майлануына, алкогольдік гепатитке және циррозға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар жүрек-қан тамыр жүйесі мен ас қорыту мүшелері зардап шегеді.

Алкогольді қолдану қатерлі ісіктің бірнеше түрінің даму қаупін арттырады. ДДСҰ алкогольді сүт безі, бауыр, ауыз қысы, жұтқыншақ, өңеш және ішек қатерлі ісіктерімен байланыстырады.

Алкоголь психикалық денсаулыққа да кері әсер етуі мүмкін. Ол мазасыздық пен депрессиялық белгілерді күшейтіп, ұйқыны бұзып, адамның ойланбай әрекет жасауына себеп болуы ықтимал.

Алкогольдің зияны тек оны ішетін адамға ғана қатысты емес.

Алкогольдің салдары медициналық мәселемен шектелмейді. Маскүшінде жол-көлік оқиғаларының, тұрмыстық жарақаттардың, жанжалдар мен зорлық-зомбылықтың қаупі артады.

Әсіресе көлік жүргізушілері үлкен жауапкершілікті сезінуі керек: алкоголь ішкеннен кейін көлік жүргізуге болмайды. Адам өзін «аз ғана іштім» деп сезінгенімен, оның реакциясы мен жағдайды дұрыс бағалау қабілеті төмендеуі мүмкін.

Алкоголь мәселесінен бүкіл отбасы зардап шегеді. Отбасылық жанжалдар, қаржылық қиындықтар, жұмыстағы мәселелер, балалар мен жақындарының психологиялық күйзелісі пайда болуы мүмкін.

Балалар мен жастарға ерекше көңіл бөлу қажет

Адам алкогольді неғұрлым ерте жастан қолдана бастаса, болашақта алкогольге

байланысты проблемалардың қалыптасу қаупі соғұрлым жоғары болады.

Сондықтан профилактикалық жұмысты мәселе пайда болғаннан кейін емес, одан әлдеқайда ерте бастау қажет. Бұл жұмыс отбасында, білім беру ұйымдарында, медициналық мекемелерде және жалпы қоғамда жүргізілуі тиіс.

Балаларға «алкоголь зиян» деп қана айту жеткіліксіз. Оларға өз бетінше дұрыс шешім қабылдауды, құрдастарының қысымына қарсы тұруды және бос уақытын денсаулыққа пайдалы өткізу жолдарын үйрету маңызды.

Алкогольдің алдын алу жолдары

- халықтың алкогольдің денсаулыққа тигізетін зияны туралы ақпараттануын арттыру;
- салауатты өмір салты бойынша өңімелер, дәрістер, семинарлар мен тренингтер өткізу;
- алкогольді қауіпті деңгейде қолдануды медициналық қызметкерлер арқылы ерте анықтау;

- қажет болған жағдайда мамандардың көмегіне дер кезінде бағыттау;

- отбасылармен және жастармен профилактикалық жұмыс жүргізу;

- балалар мен жасөспірімдерде салауатты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

- спорт пен белсенді демалысты қолдау;

- отбасылық құндылықтарды және денсаулыққа жауапкершілікті насихаттау;

- алкоголь ішкеннен кейін көлік жүргізуге жол бермеу.

Көмек сұраудан қорықпаңыз

Алкогольге тәуелді адам «өзін-өзі қолға алуы керек» деген түсініктен арылу қажет. Тәуелділік — кәсіби көмекті қажет ететін медициналық және әлеуметтік мәселе.

Егер алкогольді қолдану жиілеп, оның мөлшері көбейсе, отбасында немесе жұмыста проблемалар пайда болса, денсаулық нашарласа немесе алкогольден бас тарту қиынға соқса, медициналық көмекке жүгіну қажет.

Алдын алу — салдарымен күресуден әлдеқайда тиімді. Ал мәселе туындаған жағдайда да өмірді жақсы жаққа өзгерту ешқашан кеш емес.

ЕМЦРБ салауатты өмір салтын қалыптастыру дәрігері ретінде әр адамды өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Денсаулықты жоғалтқаннан кейін сатып ала алмайсыз. Сондықтан оны күн сайын дұрыс тамақтану, дене белсенділігі, жеткілікті демалыс, зиянды әдеттерден бас тарту және өзіңізге жауапкершілікпен қарау арқылы сақтау қажет.

Салауатты өмір салты — әр адамның жеке таңдауынан басталады. Бүгін өзіңіз үшін, балаларыңыз және жақындарыңыз үшін дұрыс таңдау жасаңыз!

А.С.НСАНБАЕВА,
ЕМЦРБ салауатты өмір салтын
қалыптастыру дәрігері.

Жіті ішек инфекцияларының алдын алу бойынша тұрғындарға арналған нұсқама

«Ішек инфекциясы» — термині негізгі симптом ретінде асқазан-ішек жолдарының зақымдалуымен және іштің өтуімен (диярея) болатын жұқпалы аурулардың үлкен тобын білдіреді.

Жіті ішек инфекциясына жатады: дизентерия, іш сүзегі, А және В паратифтері, тырысқақ, сальмонеллез, және т.б. инфекциялар.

Инфекция кезі - науқас адам немесе жіті ішек инфекциясы қоздырғышын тасымалдаушы.

Берілуі факторлары: тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар, жәндіктер (шыбындар, тарақандар).

Аурудың жедел кезеңінде (1-ден 14 күнге дейін созылады) құсу, диярея, іштің ауруы және қалтырау болуы мүмкін. Кейбір жағдайда ішек инфекциясы іштің өтуісіз (дияреясыз), тек құсу мен дене қызуының көтерілуімен өтеді. Кейбір науқаста ауру дияреямен аралас құсудан басталады. Басқа жағдайларда құсу болмай — дене қызуы көтерілуісіз бірден диярея пайда болуы мүмкін.

Қоздырғыш ағзаға енген сәттен бастап ауру белгілері пайда болғанға дейін орташа есеппен бірнеше сағаттан 7 күнге дейін созылуы мүмкін.

Жіті ішек инфекцияларының алдын алудың негізгі шаралары:

1. Жеке гигиенаны сақтау, тамақтанар алдында, дәретханадан кейін, қолды міндетті түрде сабындап мұқият жуу.

2. Белгісіз ашық су көздерден (бұлақ, бастау, құдық) су ішуге болмайды. Тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішуді әдет жасау.

3. Қолданар алдында көкөністерді мұқият жуып, мүмкіндігінше қайнаған сумен шаю керек.

4. Тұтыну үшін термиялық өңдеуден өткен тағамдарды тандаңыз. Тағамдарды, әсіресе ет, құс еті, жұмыртқа және теңіз өнімдерін мұқият пісіріңіз (қайнатыңыз). Тамақты ұзақ уақыт тоңазытқышта сақтамаңыз.

5. Тез бұзылатын тағамдарды тек тоңазытқыш жағдайында сақтаныз. Дайын тағамды бөлме температурасында 2 сағаттан артық қалдырмаңыз. Сақтау мерзімі өткен және суықтан тыс сақталған өнімдерді (тез бұзылатын өнімдерді) тұтынбаңыз.

6. Шикі өнімдерді өңдеу үшін пышақ пен мен кесу тақталары сияқты жеке ас үй аспаптары мен керек-жарақтарын пайдаланыңыз. Шикі тағамды дайын тағамнан бөлек сақтаңыз.

7. Суға түскенде арнайы белгіленген жерлерде ғана шомылыңыз. Су айындары мен бассейндерде шомылу кезінде суды жұтып қояудан сақтаныңыз.

Жіті ішек инфекциясының белгілері пайда болған кезде дереу медициналық көмекке жүгінуді, әсіресе кіші жастағы балаларда аурудың алғашқы белгілерін байқасаңыз міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет. Осы қарапайым кеңестерді орындау жіті ішек инфекцияларының алдын алуға көмектеседі!

Г.КОЖИНА,
Енбекшіқазақ аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының жетекші маманы.